

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 118 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 9 қазанда № 5985 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 ақпандағы № 137 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 23.02.2022 № 137 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша кемтар балаларын үйде оқытуға жұмсалған шығындарын өтеу (бұдан әрі - шығындарды өтеу) мөлшері тоғыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Шығындарды өтеуді "Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдармалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) және Байқоңыр қаласы үшін осы уәкілетті органның Байқоңыр қаласы бойынша секторы кемтар балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне өтініш берген айдан бастап тиісті оқу жылы кезеңінде тоқсан сайын аудан бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 14.08.2019 № 255 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері жеке оқыту жоспары бойынша кемтар балаларын үйде оқытуға жұмсалған шығындарын өндіріп алу үшін өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11342 нөмірімен тіркелген) 22-қосымшасымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес 9тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 01.10.2018 № 193 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Шығындарды өтеу кемтар балалар:

- 1) он сегіз жасқа толғанда;
- 2) қайтыс болғанда;
- 3) мүгедектігін алып тастағанда;
- 4) интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде;
- 5) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысының мерзімі аяқталғанда;

б) Қармақшы ауданының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткенде тоқтатылады.

Шығындарды өтеу көрсетілген жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының
кезекті 14-сессиясының төрағасы

М.Есқанов

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы:
"КЕЛІСІЛДІ"

М.Наятұлы

"Қармақшы аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық
хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін уақытша атқарушы

Е.Біләлов

"20" қыркүйек 2017 жыл.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қармақшы аудандық экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

А.Байсынов

"20" қыркүйек 2017 жыл.

